**№75 бұйрық**
**(көшірме)**

**2021 жылғы 01 қыркүйек**

**«Алматы облысы білім басқармасының**
**Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің**
**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

**Кәмелетке толмағандар арасындағы**
**суицидтік жағдайдың және**
**жыныстық тиіспеушілікке қарсы**
**қылмыстық құқық бұзушылықтың**
**алдын-алу тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 қаулысымен бекітілген «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған Жол картасы» негізінде және кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік жағдайдың және жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте «Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік жағдайдың және жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу» бойынша «Жедел анықтау»тобы құрылсын.
2. «Жедел анықтау» тобының құрамына төмендегі мұғалімдер енгізілсін:
   1. Топ басшысы Г.Кембебаева - мектеп директоры;
   2. Орынбасары Э.Балабай – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
   3. Хатшы А.Жумали - педагог-ұйымдастырушы;
   4. Мүшесі Б.Қыдырбай - мектеп психологы;
   5. Мүшесі А.Елеубаева - мектеп медбикесі;
   6. Мүшесі А.Анипин - АӘжТД пәнінің мұғалімі;
   7. Мүшесі Д.Қаиргали - әлеуметтік педагог.
3. Жұмыс тобының арнайы жұмыс жоспары жасалынып, сынып жетекші және ата-ана қоғамдастығымен бірлесіп, іске асырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Э.Балабайға тапсырылсын.

Мектеп директоры Г.Кембебаева

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің «Кәмелет жасқа толмағандарға қарсы жыныстық қол сұғылмаушылық», ата-аналарға кеңес тақырыбында өткізілген іс-шаралардың**

# ХАБАРЛАМАСЫ

Бірлік орта мектебінде 19 қараша күні 9-11 сынып оқушылары арасында «Кәмелет жасқа толмағандарға қарсы жыныстық қол сұғылмаушылық» тақырыбында арнайы тақырыптық кеңес өткізілді. Кеңеске ауыл әкімі Елубаев Ернұр Қанатұлы, ауыл ақсақалдар кеңесінің төрағасы , әйелдер алқасының төрайымы, мектебіміздің қоғамдық инспекторы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілер, ата-аналар комитетінің төрайымы, мектеп медбикелері, мектеп психологі қатысқан тақырыптық семинар өткізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Эльмира Балабай **«Зорлық –зомбылық, жыныстық қол сұғылмаушылықтың зардаптары »** тақырыбында баяндама жасады. Баяндама тақырыбы төмендегі мәселелерді қамтыды. Қылмыстың обьективті жағы заңмен көрсетілгендей жәбірленушіге және дебасқа да адамдарға жыныстық қатынасқа зорлық көрсету немесе дәрменсіз күйін пайдалану болып табылады.Тәндік зорлық- денсаулыққа зиян келтіру, денеге ауыр жарақаттар салу, көмекке шақыру мүмкіндігінен айыру, байлап қою, қамап қоюдан тұрады. Тәндік зорлық жәбірленушінің денесімен сипатталады. Және де тән зардабы оның сыртқы денесімен қатар оның ішкі органдары да зардапануы мүмкін. Мысалы есірткі заттары, токсикалық немесе психотроптық заттар қолдану. Қазақстан республикасының Жоғарғы соты бұл жағдай әйел адамын дәрменсіз күйге әкелу сияқты бағалануы тиіс деп өз көз қарастарын айтып өтті. Осы көзқараспен келісе отырып,тағы осы екі белгіні біріктірлуі тиіс сияқты- тәндік зорлықпен (оның ішкі органдарына оның келісімінсіз әсер ету) оның дәрменсіз жағдайға әкелуі және оның дәрменсіз жағдайын пайдаланып оны зорлауы. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін мектепте психологтармен ата-аналар арасында үнемі ақыл-кеңестер жүргізу қолға алынған. Тәндік және психологиялық зорлық тек жәбірленушіге қарсы ғана қолданылмайды және де сонымен қатар басқа да адамдарға қолданылады. Мысалы сол жәбірленуші әйелді құтқару ниетімен немесе көмекке шақыру ниеті болған жағдайда. Зорлықтың екі түрі де жыныстық қатынастың алдын болуы тиіс. Мақсаты- жәбірленушінің қарсылығын басып және оның еркінсіз зорлық жасау. Зорлауда жәбірленушінің еркінен басқа жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдалануда негізге алынады яғни құрбан адамның өзімен не болып жатқанын сезіне алмай, қарсыласуға шамасы келмей әрекетсізденуі. Субьективті жағынан- зорлау тек тікелей қасаөаналықпен жасалады. Кінәлі өзінің жыныстық қатынасты зорлау арқылы жасап отырғанын, және де жәбірленушінің келісімінсіз, еркіне қарсы бара жатқанын сезініп отыр.Жасөспірімді зорлау- осыған қарамастан кінәлінің әрекеттері ҚК 124 бабы мен ҚК 120 бабының 3-тармағы «в» тармақшасыда көрсетілген қылмыстар жиынтығымен біліктіленеді, егер олар әр түрлі уақытта жасалса, әртүрлі уақытта жасалып өзінің белгілі бір өзіндік мақсаты болса, егер де бұзақылық әрекеттер қылмыстық қатынастың алдын да болса, себебі бойынша жасалмаса, кінәлінің еркіне байланысты болмаса,ондай жағдайда оны қылмысқа дайындалу немесе қылмыс жасауға оқталу деп қарау тиіс Жасөспіріммен жыныстық қатынас бұзақылық әрекеттен кейін жасалады, ол ҚК 120 бабымен біліктіленуге жатады, ал қалған көрсетілген әрекеттер қылмыстың обьективті жағынның басталуы ретінде қарастырылады.

Және тағы басқа ауыр салдар кінәлі сияқты жәбірленушінің әрекеттерінен болуы мүмкін. Оның зорлау кейін болған, өзіне зиян келтіру әрекеттері, жыныстық қатынастың басталуына дейін, ол жыныстық қатынастан құтылу мақсатында болуы мүмкіндігі туралы айтып өтті.

16 қазанда мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста мектеп психологі Қыдырбай Біржан арнайы ата-аналардан сауалнамалар, арнайы тақырыптық кеңестер берді. Онда төмендегі мәселелер қаралды:

**Ата - аналар үшін "Баланың оқу іс - әрекетіне көмек" 1.**Баланың сабағын жеңілдететін жағдай жасауға тырысыңыз, тұрмыстық – жақсы тамақтану, тұрақты режим, толыққанды ұйқы, жайлы тұрмыстық жағдай, сабақ оқуға жайлы және ыңғайлы орын;**эмоционалдық** – баланың мүмкіндігіне сенімділік артыңыз, табысты орындауынан үміт күтіңіз, кішкене жетістігі болса да, қуанышыңызды білдіріңіз, баланың оқуына төзімділік, мейірімділік танытыңыз, бала үлгермей жатсақатты сөйлемеңіз; **мәдени** – 

балаңызды анықтамалармен, сөздіктермен, атластармен, бейнетаспалармен, мектептің оқу бағдарламасына сәйкес кітапшалармен қамтамасыз етіңіз. 2.**Өз балаңызды тыңдаңыз**: ол жаттауға, есте сақтауға берген тапсырманы айтып шықсын, жазуға берген мәтінді бөліп-бөліп, асықпай оқыңыз, оқулықтағы сұрақтар бойынша сұраңыз т.с.с.

3.Өзіңіздің бала кезіңіздегі жетістіктеріңіз туралы айтып, **біліміңізбен бөлісіңіз.**

4.Ата-ананың назарында баланың бағасы ғана емес, білім болу керектігін **есте ұстаңыз.** Сондықтан да баланың болашағы туралы ойлап, алған білімінің қай кезде, не үшін қажеттілігін түсіндіріңіз. Баланың оқуға белсенділігін тудыратын отбасылық дәстүрлер мен әдеттер құрыңыз, 5.Баланың **бос уақытын құр қалдырмай**, оны мазмұнды әрі, пайдалы етіп өткізуге көмектесіңіз.

6.Балаңызды оқу үлгеріміне қарамай, **жақсы көретініңізді сездіріңіз.** 7.Балаңызды жан-жақты бақылау үшін және мүмкін көмектер көрсету үшін әрдайым балаңыздың қатысатын үйірмелерінің, факультативтерінің, қосымша сабақтарының, **сабақ кестесімен танысыңыз.**Қазіргі білім беру үрдісіндегі маңызды мәселелердің бірі - баланың мектепте оқуға дайындығы болып табылады.Баланы мектепке дайындау маңызды, мектеп өміріне бейімделуден өтпеу мүмкін емес, бірақ оны едәуір немесе жартылай болсын жеңілдету- орындауға болатын міндет.Өз балаңыздың жетістіктерін басқа балаларға қарап салыстырмаңыз. Баланы «баға» үшін оқытуға болмайды.Балаға дөрекі қылық көрсетпеңіз. Одан да тіпті кішкене жетістігі болса да, үнемі мақтап отыру керек.



**Бірінші өсиет:**Отбасындағы дүниеге келген әр бала әрқашан қалаған, тілеп алған болу керек.

**Екінші өсиет:**Кішкентай балаларды ешқашан қараусыз қалдырмау керек.

**Үшінші өсиет:**баланы айналасындағылармен тіл табыса білуге үйрету керек.

**Төртінші өсиет:**балаға қайырымдылық пен зұлымдықты, адамдардың шынайы ниетін тани білуге үйрету керек.

**Бесінші өсиет:**балаға өз бетінше ар-намыспен , мақтанышпен, өмірге қауіпсіз жолмен өмірлік ситуациялардан шыға білуге үйрету керек.

**Баладан ата-аналарға жаднама**




Маған тиісе бермеңіздер және маған ұрыспаңыздар. Егер сіздер олай етсеңіздер, онда мен естімеген қалып танытып, қорғануыма тура келеді.

Ешқашан сіздер мүлдем кінәсіз екендеріңізді , барлық жетістіктерге жеткендеріңізді айтпаңыздар да, ауыздарыңызға да алмаңыздар. Бұл сіздермен өзімді салыстыруда ыңғайсыз тудырады.

Менімен қатал болуға қорықпаңыздар. Мен дәл осындай подходты қалаймын. Бұл менің өз орнымды анықтауыма көмектеседі.

МЕН үшін ешқашан жасамаңыздар.

Мені өзімді кішкентай сезінуіме жол бермеңіздер. Мен әйтпесе «жылауық», «қыңыр» болып ұтылам.

Менің әділдігімді қатты сынға ала бермеңіздер. Үміттеріңізді ақтай алмаймын ба деп қорқып, оңай өтірікшіге айналуым мүмкін.

Өздеріңіз орындай алмайтын уәдені бермеңіздер – бұл сіздерге деген сеніміме нұқсан келтіреді.

Менің қорқыныштарым және қауіптенулерім сіздерде алаңдаушылық туғызбасын. Әйтпесе мен одан сайын қорқатын боламын. Нағыз ЕРЛІКТІҢ қандай болатынын көрсетіңіздер.

**Есте ұстаңыз!** Бала – біздің өміріміздің ең үлкен құндылығы. Оны түсінуге, оны тани білуге, оны сыйлай білуге тырысыңыз. Оның күнделікті мінез-құлық сызығында тәрбиелеудің ең тиімді тәсілдерін ұстаныңыз.

Осындай шаралар бірлік орта мектебінде өткізілгендігін, өсы шара жыл бойына тағы да жалғасатындығын айқым келеді.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Балабай**

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**
**10 «а» сынып оқушыларының «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауру түрлері», «Жеке гигиена» тақырыптары бойынша өткізілген жиналыстың**

**Х А Б А Р Л А М А С Ы**

14.02.22 күні 10 «а» сынып білім алушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауру түрлері», «Жеке гигиена», «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптары бойынша қыздар және ұлдар жиналысы өтілді. Оқушылармен бірге мектеп медбикесі Елубаева Асель және мектеп психологы Жолдыбаева Алтынайдың қатысуымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшісі Жортинбаева Ф. «Жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауру түрлері», әерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптары бойынша, тері аурулары, венерологиялық ауру түрлері, оның ішінде: сифилис, гонорея, ЖИТС, хламидиоз т.б. алғашқы белгілері мен одан сақтану жолдары туралы айтылып, презентация арқылы көрсетілді.




«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп психологы Жолдыбаева А. оқушылармен сұхбат жүргізді. Зорлық зомбылықтың түрлері айтылып, оқушылардан сұрақ жауаптар алынды.




«Жеке гигиена» тақырыбында мектеп медбикесі Елубаева Асел жеке гигиена түрлері, жан тазалығымен тән тазалығы туралы ой пікірлермен алмасты.

Оқушылар жеке гигиенаны сақтау жолдары туралы ойларымен бөлісе отырып, жеке гигиенасын сақтамау арқылы пайда болатын аурулар туралы да айта алды.





Қорытынды кезеңде өтілген тақырыптар бойынша әр оқушы жеке жеке кері байланыс бере алды. Қазіргі таңдағы әлемдік мәселеге айналған тері аурулары мен жыныстық қатынас арқылы жұғатын вич, сифилис жұқтырған адам саны Қазақстан мемлекетінде де жылдан жылға көбейіп келе жатыр.

Өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа тәрбие мен білімді қатар жүргізу, еліміздің жарқын болашақ кепілі. Сол мақсатта білім алушыларға өткізілген тақырыптар бойынша да, алдағы уақытта патриоттық сезімдерін дамыта отырып, глобалды мәселелерге айналған тақырыптар туралы толықтырулар жүргізілуі тиіс.

Сынып жетекшісі Жортинбаева Ф.

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша полиция департаментінің жергілікті полиция қызметінің балалар мен жасөспірімдер арасында суық қару қолданудың алдын алу туралы**

**Х А Б А Р Л А М А**

**2021-2022 оқу жылы**

Еліміз демократиялы құқықтық өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуға бетбұрыс жасағалы адамдардың заңға деген көзқарастары өзгеріп, заң біліміне ынтасы арта түсті. Осы орайда Білім басқармасы Алматы облысының полиция департаментінің жергілікті полиция қызметінің балалар мен жасөспірімдер арасында суық қару қолдану арқылы қылмыстық әрекеттердің орын алуы туралы ұсыныс хатына сәйкес Бірлік орта мектебінде қазан айының 24 күні мектептің ішкі ережесі, оқушылардың жауапкершілігі, құқы және міндеттері 9-11 сынып оқушылары арасында жиналыс өтті. Мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Балабай сөз сөйлеп, мектеп оқушыларының құқы, жауапкершілігі және міндеті туралы айтып өтті. Қ.Ахметовтың «Құқығыңды біл» атты кітабымен де таныстырды. Оқушылармен пікір алмасқаннан кейін, тәртіп бұзушылыққа жол бермеу, болдырмау, өмір тізгінін қолдарына ұстар азамат бір-бірімен тату-тәтті, дос болуларына шақырды. 9-11 сынып оқушылары арасында тәртіп бұзған жағдайда, бір-біріне әлімжеттік жасап, суық қару қолдану деректері анықталған кезде мектептің қоғамдық инспекторы Досмайылов Бейбіт және селолық учаскелік полициясы Мырзағали Жандос құзырымен ата-аналарға әкімшілік шара қолданылатыны айтып өтті. Әсіресе, суық қару ұстамау керектігі баса айтылды. Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтК-нің 442, 434, 441, 440, 127, 133, 132, 435 баптарын түсіндіріп, үй-жайдан тыс жерде түнгі мезгілде жасы кәмелетке толмаған оқушылардың заңды өкілсіз жүруге болмайтыны да қатаң ескертілді. Оқушыларды құқықтық









сауаттылыққа тәрбиелеу арқылы – олардың қылмысқа ұрынбауына, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына келеңсіз жағдайлардан тартынуына, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануларына қол жеткізуге болатынын айтып өтті. Болашақта аталған тәртіп бұзушылықтар болмайды деп, көпшілік атынан «Жас ұлан» ұйымының тәртіп министрі Дәуренұлы Елдос сөз берді. Алдағы уақытта кімде-кім тәртіп бұзушылық жасап, өрескел іс- әрекеттер істесе, сол заң алдында жауап береді деген шешімді барлығы қолдап, қол қойды.

Кездесу барысында оқушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауаптарын алды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Балабай

**«Бірлік орта мектебі» бойынша балалар мен жасөспірімдер арасында ұрлау, тонау және басқа құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша қыркүйек - қазан айларында атқарылған жұмыстартуралы мәлімет**

**2021-2022 оқу жылы**

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жөнінде мектеп пен Балқаш АІБ-нің ЖПҚ ЮПТ аға УИП полиция майоры О.А. Садырбаевамен бірлескен жұмыс жоспары жасалып, іс-шаралар атқарылуда. Мектепте оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша үйірмелер мен спорттық секцияларға қамту қолға алынды. АІБ бірлескен «Түнгі қаладағы балалар» акциясы бойынша түнгі рейдтерге шығарылуда. Кестеге сәйкес аптасына 1-2 рет мектептің мұғалімдері кезекшілікке шығуда. Рейдтер барысында мектептің оқушылары арасында құқықбұзушылық фактілері анықталған жоқ.

1-11-сынып жетекшілері күнделікті оқушылармен «Нөлдік төзімділік», мектеп ережесі, жалпы тәртіп ережелері, тазалық сақтау туралы әңгімелесулер жүргізуде.

24 қыркүйекте «Балалар және құқық бұзушылық» атты жиын өтті. Жиынға Балқаш АІБ-нің ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция майоры О.А. Садырбаева және кәмелетке толмағандардың инспекторы полиция аға лейтенанты Рысбек Олжас Рысбекұлы қатысты. Жиын барысында О.А. Садырбаева аудан көлемінде орын алып отырған ұрлау мен тонау деректері жайлы әңгімелеп, балалардың құқықтық жауапкершілігі туралы мәселеге тоқталды.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған іс-шараларға ата-аналар комитеті белсене қатысты.

Мектеп бойынша балалар мен жасөспірімдер арасында ұрлау, тонау және басқа құқықбұзушылық фактілері анықталған жоқ. Мектепішілік есепте және АІБ есебінде тұрған оқушы жоқ. Сәтсіз жанұялар тіркелмеген. Сабақтан себепсіз қалатын оқушылар жоқ. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жыл бойы жалғасын табады.

Мектеп директоры Г.З. Кембебаева

«Бірлік орта мектебі» мкм-нің құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы

Хаттама №1 (тамыз)

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2021-2022 оқу жылындағы құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің істелінген жұмыстарының есебі.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған жоспарын талқылау, бекіту.
3. Ұйымдастырушылық мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Э. Балабай айтып өтті. 2021-2022 оқу жылы бойынша жылдық жоспар құрылып, іс-шаралар, кезекшілік бойынша рейдтер жүргізіліп отырды. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы.
2. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы тез үйренген көрініске айналып, елді елең қылып отыр. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз. Осыған орай облыстық, аудандық құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспары құрылды.
3. Оқушылар демалысқа шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан кейін айтылған ережелерді сақтай отырып, түрлі іс-шаралар ұйымдастыру.

Сөйлеушілер:

Даулетбакова А.: жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан балалар. Сол себептенде біз оқушылармен байланыс жасап отыруымыз керек.

Қаулы етілді:

1. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атам қазақ айтқандай әрбір ата-ана өз баласына жауапты. Алдағы уақытта мектебіміздің оқушыларын қатаң бақылауда ұстап, үнемі қадағалап отырылсын.

ДТІЖО: Э. Балабай

Хатшы: Ж. Естаулетова

«Бірлік орта мектебі» мкм-нің құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы

Хаттама №2 (қыркүйек)

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Тәуекел» тобына жататын оқушылар мен олардың отбасы туралы мәлімет және оларды есепке алу.
2. Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған істер жөніндегі бөліммен бірлескен жұмыстың жоспарын талқылау, бекіту.
3. Мектепішілік «Сәтсіз отбасы» есебінде тұрған отбасындағы оқушылармен жұмыс.

Тыңдалды:

1. Балалардың суицидтік мінез-құлқының алдын алуда отбасы, мектеп, педагог-психолог, әлеуметтік педагог басты рөл атқарады. Бала тұлғасының эмоциялық санасын дамытуға отбасылық тәрбиенің қателіктері, оның өмірлік тәжірибесі, мүдделері әсер етеді. Осал санаттағы балаларда өзіне сенімсіздік, қорғалмау сезімі пайда болады, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бекіту қабілеті бұзылады. Мектебімізде «Тәуекел» тобына жататын оқушылар жоқ.
2. Аудандық ішкі істер бөлімімен біріп іс-шара жоспары құрылды. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алуды тікелей, не жанама көздейтін құқықтық актілердің көп болуы қоғамдық қатынастар кез келген айқындайды.
3. Тәрбие отбасынан басталады. Сәтсіз отбасындағы балалардың беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиелейтіні сөзсіз. Қиыдықты шешудің негізгі жолы – отбасында қарым-қатынастарды орнату. В.Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Сәтсіз отбасындағы балаларды тәрбиелеудегі ұстанымдар. Оқушының жан-жақты тәлім-тәрбие алуға олардың ішкі қасиеттерін анықтап, дарынын шыңдап, сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағына жағдай жасауымыз қажет.

Сөйлеушілер:

Қыдырбай Б.: Қазіргі таңда балалардың психикалық дамуы баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында психопатологиялық формалар кездеседі. «Тәуекел» - дегеніміз – алдын ала қарастырылған болжам немесе жоспарланған нәтиже. Мектебімізде «Тәуекел» тобына жататын, қиын оқушылар жоқ.

Қаулы етілді:

1. Мектептің әлеуметтік педагогіне, психологіне алдағы жұмысына «Тәуекел» тобына жататын оқушыларды анықтасын.
2. Мектептегі «Сәтсіз» отбасы оқушыларымен жұмыс қадағалансын.

ДТІЖО: Э. Балабай

Хатшы: Ж. Естаулетова

«Бірлік орта мектебі» мкм-нің құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы

Хаттама №3 (қазан)

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу
2. Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы «Қыз өссе елдің көркі» А. Жумали

Тыңдалды:

1. Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау. Құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталады.
2. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, әсемдік, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңін толық түсіндіріп отырды.

Сөйлеушілер:

Ж. Күзенбаева: Қыз балаларды тәрбиелеу - нәзіктікке әкеледі. Мен үнемі сыныбымдағы қыз балаларға ашық сөйлесіп, гигиеналық , жыныстық тәрбие жөнінде ақпарат беріп отырамын.

А. Оспанова: Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселермен толық таныстырылдық. Оқушылардың құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Қыз балалармен байланыс жасап, дөңгелек үстел, жиналыстар өткізіп отырамын.

Қаулы етілді:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша қыздар жұмысы жандандырылсын. Үнемі ата-аналармен байланыс орнатылсын.

ДТІЖО: Э. Балабай

Хатшы: Ж. Естаулетова

**10 «а» - сынып қыздар жиналысының**
**№ 4 хаттамасы**

14.02.2022ж

Барлығы:11
Қатысқандар:11
Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде:

1) Ерте жүктіліктін алдын алу
2) Жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауру түрлері
3) Жеке гигиена

Тыңдалды: Сынып жетекшісі Жортинбаева Ф. бірінші мәселе бойынша түсіндіру жұмыстарымен, оның алдын алу жолдары бойынша таныстырылым жүргізді. Презентация арқылы оқушылар арасында пікір талас жүргізілді. Отбасындағы ата ананың ықпалымен, білім алушылардың өз өзін ұстауы, сөйлеу мәнері, барлығы тәртіптен басталатыны белгілі. Тәртіпсіздіктің салдарынан екінші мәселеге ұласып кетуі, қазіргі таңда үлкен глобалды проблемаға айналып отыр. Жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауру түрлері туралы таныстырылым жұмысы мен оның алдын алу шаралары туралы айтылды. Олар: ВИЧ, ЖИТС, сифилис, гонорея, хламидиоз т.б. Ару түрлернің көптігі оның ішінде емделетініде емделмейтіні де бар. Сол себепті жаман әдеттен аулақ болуға шақырылды.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша жеке гигиенаға қатысты мектеп медбикесі Елубаева Асел жұмыс жүргізді. Гигиенаның өзі жан тазалығы және тән тазалығынан тұратынын түсіндірді. Оқушылар арасында пікірлер мен сұрақ жауаптар қойылды. Сонымен қатар карантиндік талаптарға сай оқушылардың мектепке кіруі күнделікті «кіру» сүзгісі арқылы (термометрмен) жүргізілуін және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауын назарда ұстауды тапсырды.

Сынып жетекшісі Жортинбаева Ф.Г.

«Бірлік орта мектебі» мкм құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы

Х а т т а м а №5 (желтоқсан)

Күн тәртібіндегі мәселер:

1. Құқық апталығы өткізу туралы
2. Бақылауда тұрған оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру жұмыстары.
3. Зиянды заттар қолданудың алдын алу жөнінде 5-11 сыныптар арасында қосымша бағдарламаның орындалуы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша Құқықтық апталығын өткізу туралы Э. Балабай атап өтті. Мектептегі құқықтық тәрбие құқықтық тәрбиенің жетілуінің жолы: Заман талабы мектеп жасындағы балалардың арасында құқықбұзушылық пен зиянды заттардың алдын алу жұмысының белсенді, тиімді, жаңа жолдарын таңдауды міндеттейді. Өйткені, қазіргі таңда жасөспірімдердің арасында өз уақыттарын тиімді пайдалана білмеуі, ата-ананың баласына тәрбие беруде жеткілікті уақыт бөлмеуі, ақпараттың шектеусіз әрі еркін берілуі, «зиян» немесе толық емес жанұяда тәрбиеленуі келеңсіз іс-әрекеттердің көбеюіне әкеліп соқтыруда.
2 мәселе қысқы демалыс – бұл ұйқыны әбден қандырып, жақындарыңызбен көп уақыт өткізіп және қыс мезгілінің сан алуан қызықтарына бататын уақыт. Сол себептерді ескере отырып, оқушылардың қысқы демалыс кезінде бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, құқықбұзушылықтың алдын алу болып саналады. Мектебімізде бақылауда тұрған оқушылар жоқ.
3 мәселе: Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту зиянды заттардың алдын алу. Денсаулық әркімнің өз қолында. Денсаулықты адам баласына табиғат сыйлаған басты байлығы. Денсаулықты жоғалту оңай, қалпына келтіру қиын. Оқушылардың зиянды заттардан аулақ болуы, денсаулықтарының қалыпты қалыптасуы туралы түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.
Сөйлеушілер:
Э. Балабай зиянды заттардың алдын алу мақсатында оқушыларға толық мағлұмат беріліп отырады.
Жиналыс қаулы етеді:

1. Оқушылардың босуақытын қысқы демалыс кезінде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында сынып жетекшілерге тапсырылсын.

ДТІЖО: Э. Балабай

Хатшы: Ж. Естаулетова